

Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын, олардың мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1644 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1034 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1034 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 290 бұйрығын қараңыз.

«Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидалары;

2) мына:

тауар биржасының кепілдік беру қорының мөлшері – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшері;

сақтандыру қорына тауар биржасы мүшесінің міндетті жарнасының мөлшері – тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз еселенген мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру мен пайдалану қағидалары және олардың мөлшері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) тауар биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, сауда-саттықтарды ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып тікелей жүргізу жолымен жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) клирингтік ұйым (клирингтік орталық) – тауар биржасына онымен жасалған шарт негізінде қызмет көрсететін тауар биржасынан тәуелсіз ұйым немесе тауар биржасы құрамындағы және фьючерстік және опциондық мәмілелер бойынша тараптардың талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындауды, олар бойынша есеп айырысуды ұйымдастыруды қоса алғанда биржалық мәмілелерге клирингті жүзеге асыратын арнайы ұйымдастырылған құрылымдық бөлімше;

3) сақтандыру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тауар биржасы және (немесе) оның клирингтік ұйымы тауар биржасы мүшелерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастыратын ақша қоры;

4) кепілдік беру қоры – тауар биржасында жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржаның өз қаражаты есебінен қалыптастыратын ақша қоры.

3. Биржалық мәмілелердің орындалмау тәуекелін төмендету бойынша шаралар қабылдау мақсатында:

1) тауар биржасы не (немесе) оның клирингтік ұйымы сақтандыру қорын құрады;

2) тауар биржасы кепілдік беру қорын құрады.

4. Сақтандыру және кепілдік беру қорларының қаражаттары тауар

биржасының және (немесе) оның клирингтік орталығының балансында жеке шоттарда есепке алынады.

2. Кепілдік беру қорын қалыптастыру тәртібі

5. Кепілдік беру қоры тауар биржасының және (немесе) оның мүшелерінің өз қаражаты есебінен қалыптастырылады.

6. Кепілдік беру қорын қалыптастырудың көздері тауар биржасы акцияларына төлемдер және (немесе) тауар биржасының табысы және заңнамамен тыйым салынбаған басқа түсімдер есебінен келіп түскен ақша болып табылады.

7. Тауар биржасының кепілдік беру қорының мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Кепілдік беру қорына аударымдарды тауар биржасы және (немесе) оның мүшелері жүзеге асырады.

3. Сақтандыру қорын қалыптастыру тәртібі

9. Сақтандыру қорын тауар биржасы қалыптастырған жағдайда ол тауар биржасы мүшелерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастырылады.

Сақтандыру қорын клирингтік ұйым қалыптастырған жағдайда ол тауар биржасының клирингтік ұйымымен клирингтік қызмет көрсету шарты бар тауар биржасы мүшелерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастырылады.

10. Сақтандыру қоры ақшалай түрде қалыптастырылады және бөлек төмендетілмейтін қалдық түрінде тауар биржасының ағымдағы есебінде тұруы тиіс. Бұл ретте сақтандыру қоры тауар биржасы қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуы ішінде қалыптастырылады.

11. Сақтандыру қорына тауар биржасы мүшесінің міндетті жарнасының мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Биржадан мүшеліктен шыққан жағдайда және биржа және (немесе) клирингтік ұйым алдында, сондай-ақ тауар биржасы және (немесе) клирингтік ұйымның қатысуымен орындалатын биржалық мәмілелер бойынша берешектері болмаған жағдайда сақтандыру қорындағы қаражат биржаның мүшелеріне олардың өтініші бойынша қайтарылуға жатады.

4. Кепілдік беру және сақтандыру қорларын пайдалану тәртібі

13. Тауар биржасының кепілдік беру қоры және тауар биржасының және (немесе) оның клирингтік ұйымының сақтандыру қоры сауда-саттыққа қатысушылар жасаған биржалық мәмілелер бойынша өздерінің ақшалай

міндеттемелерін орындамаған жағдайда тауар биржасы немесе оның клирингтік ұйымының өтімділігін жоғалту тәуекелінің орнын толтыруға арналған.

14. Кепілдік беру және сақтандыру қорларының қаражаттары мынадай тәртіпте пайдалануға жатады:

1) оларды жабу үшін құрылған кепілдік беру және сақтандыру қорларындағы тәуекелдер іске асырылған жағдайда биржаның атқарушы органы (клирингтік ұйымы) оларды пайдалану туралы шешім қабылдайды;

2) қор қаражаты тауар биржасында жасалған мәміле бойынша тек зардап шеккен тарапқа залалдарды төлеу үшін (жіберілген пайданы қоспағанда) пайдаланыла алады;

3) бір биржалық мәміле бойынша шығындарды жабу үшін пайдаланатын қор қаражатының мөлшері тауар биржасының (клирингтік ұйымның) ішкі ережелерімен белгіленген шамадан аса алмайды және кез келген жағдайда осы қордың жиынтық активінен аса алмайды.

5. Кепілдік беру және сақтандыру қорлары бойынша есептілік

15. Тауар биржасы ай сайын кезекті есептік айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей тауар биржаларының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға есепті айдың соңғы күні бойынша кепілдік беру және сақтандыру қорларының мөлшері туралы есепті оған тауар биржасының банк шотындағы қаражат қалдықтарын растайтын банктік көшірмені қоса отырып, қағаз тасығышта ұсынады.

16. Кепілдік беру және сақтандыру қорларының мөлшері туралы есеп тауар биржасының мөрімен міндетті бекітіле отырып, тауар биржасының бірінші басшысы (ол жоқ кезінде – оны алмастырушы тұлға) және оның бас бухгалтері қол қоюымен еркін нысанда беріледі.